

ӘОЖ 2(574):32

Б.К. Бейсенов*, Н.Б. Манапбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: otrar68@mail.ru

Дінаралық келісім – мемлекет пен дін қатынасының негізі

Дінаралық келісім әр қоғамның тұрақтылығының маңызды элементі болып табылады. Конфессияаралық және ұлтаралық келісімнің сақталуы мемлекет пен діни ұйымдардың бірлескен қарым-қатынастарында ғана құрылуы мүмкін.

Бұл жөнінде түрлі діндерді ұстанатын ұлыстар тұратын Қазақстанға өз жерінде бейбітшілікті нығайту және келісім мәдениетін халықаралық аренада нығаюы мен дамуына да мүмкіндік туғызады.

Қазіргі Қазақстанға әр түрлі діндердің тең құқылы қатар өмір сүруі, барлық конфессияларға мемлекеттік саясаттың бірдей қарауы негізіндегі қарым-қатынас балансы, заң алдындағы теңдік бойынша төзімділік мәдениетінің қалыптасуы тән.

Салиқалы саясаттың арқасында, қазіргі Қазақстанда жаңа этникааралық және конфессияаралық қатынастар орнығып, қазақстандықтарды Мәңгілік елдің ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ құндылықтары мен ортақ тағдыр ұйыстырады.

Қазақстандық мәдениетте этникалық және конфессионалды аспектілердің диалектикалық байланысын ұғыну, олардың менталитетте, өмір тіршілігінде, тарихи жад және өзіндік идентификация процесінде ерекше маңыздылыққа ие.

Мақалада Қазақстандағы қоғам мен конфессияаралық қатынастар қозғалады.

Жалпы, мақаланың негізгі мақсаты дінаралық келісімнің зайырлы қоғамдағы келісім мәдениетін нығайтуды жетілдіру жолдарын зерделеу.

Түйін сөздер: дін, мемлекет, қоғам, дінаралық келісім, идентификация.

B.K. Beysenov, N.B. Manapbaev

Interreligious harmony is as the basis of interaction between government and religion

Interreligious harmony is the most important element of stability in any society. Saving interfaith and international peace can be built only on the joint relationship between the state and religious associations.

In this regard Kazakhstan, where more than 100 nations and nationalities live and speak different languages, could not only manage to maintain peace on their own territory, but also contributes its strengthening and development in the international arena.

Additionally, for the modern Kazakhstan it is characterized that the coexistence on equal rights of different religions, balance the relationship between which is supported by the development of the same interest of state policy to all confessions, formation a culture of tolerance in terms of parity before the law.

Due to deeply considered national politics in modern Kazakhstan there are establishing new interethnic and interfaith relations, appearing the prerequisites of forming a multi-ethnic and multiconfessional community of Kazakhstan people with common goals, ideals, and values.

Special importance is the reinterpretation of dialectical relationship of ethnic and religious aspects in the Kazakh culture, their appearance in the mentality, lifestyle, social memory and the process of self-identification.

In this article are available the materials about problems of interethnic and interfaith relations in Kazakhstan. In general, the main conclusions of the article complement the concepts of modern historical scholarship about problems of religious harmony.

Key words: religion, the state, society, interreligious harmony, identity.

Б.К. Бейсенов, Н.Б. Манапбаев

Межрелигиозное согласие – как основа взаимодействия государства и религии

Межрелигиозное согласие является важнейшим элементом стабильности любого общества. Сохранение межконфессионального и межнационального мира может строиться только на совместных взаимоотношениях государства и религиозных объединений.

В этом отношении Казахстану, где проживают более 100 наций и народностей, говорящих на разных языках, не только удалось сохранить мир на собственной территории, но и укрепиться и развиваться на международной арене.

Для современного Казахстана также является характерным сосуществование на равных правах разных религий, баланс взаимоотношений между которыми поддерживается за счет развития одинакового интереса государственной политики ко всем конфессиям, формирования культуры терпимости с точки зрения равенства перед законом.

Благодаря глубоко продуманной национальной политике, в современном Казахстане устанавливаются новые межэтнические и межконфессиональные отношения, появляются предпосылки формирования полиэтнической и поликонфессиональной общности казахстанцев с общими целями, идеалами, ценностями.

Особую актуальность приобретает переосмысление диалектического соотношения этнических и конфессиональных аспектов в казахстанской культуре, их проявление в менталитете, образе жизни, социальной памяти и процессе самоидентификации.

В статье анализируются аспекты межэтнических и межконфессиональных отношений в Казахстане.

Ключевые слова: религия, государство, общество, межрелигиозное согласие, идентификация.

Еліміздің дінаралық қатынас мәдениетіне ерекше көңіл аударуы арқасында ел халқының бірлігі мен ынтымағы, ауызбіршілігі мен тұтастығы сақталып мемлекетіміз қарқынды даму жолында. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде, өзін мекендеген ұлттар мен ұлыстардың діні мен мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне басты назар аударып, дінаралық қатынас саласын елдің тұрақты дамуының алғы шартының бірі ретінде қарайды. Еліміздің жалпы адамзаттық құндылықтарға маңыз беруінің айғағы 2003, 2006, 2009, 2012 жылдарда Астанада өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі екені даусыз. Бұл съездер жүйелі түрде өткізіліп әлемдік деңгейдегі дінаралық үн қатысуға және түрлі наным-сенімдегі халықтардың өзара түсіністік мәдениетіне жол ашты. Сондай-ақ осы дүниежүзілік ауқымды басқосу қазақ елінің халықаралық деңгейде мәртебесі мен беделінің өсуінің дәлелі бола алады.

Елбасы II съезде сөйлеген сөзінде: «Бүгін біз үш жыл бұрын біздің форумға 17 конфессиялық делегация қатысқан болса, бұл жолы Съезге енді 29 делегация қатысуда. Бұл өзгеріс атап айтарлықтай және біздің форумның өсе түскен беделін бейнелейді. Ол біздің өзара түсіністік, қазіргі дүние туындап отырған күрделі

сұрақтарға жауаптарды бірлесе іздеу жолымен келе жатқанымызды білдіреді» [1].

Еліміздің осындай игі бастамалары жер бетіндегі бейбітшіліктің баянды болу үшін дінаралық сұхбаттастықтың және халықтар арасындағы достықтың маңызды екендігіне үміт артқызады. Адамзат баласы жаһандану заманында және мәдени бірегейлену үдерісі кезінде рухани ұстанымдарына мән бере бастады. Әлем халықтары арасындағы діни, мәдени және ділдік ұқсастықтар мен ерекшеліктер халықтарды бөлуге емес, бірлікке алып келуі керек екендігіне назар аударған еуразияның кіндік ортасында орналасқан еліміздің әлемдік қауымдастықтағы мерейін үстем етті. Халықаралық деңгейде жүзеге асқан бұл форум еліміздің жаһандық деңгейде дінаралық және мәдениетаралық үн қатысудың мүмкін екендігіне көрсетті. Қазақ елі әлемдік қауымдастықта өзара түсіністік пен келісімге алып келетін рухани-мәдени сұхбаттастыққа жол ашатын ізгі ниеті әлемнің бейбітшілікті аңсаған халықтарының арман-аңсарын ғаламдық деңгейде түйсініп және көре білуінде деп түсінеміз.

Дүниежүзі елдері арасындағы діни және мәдени қатынастардың орнығуына негіз болатын жалпы адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды

орнықтыру үшін діндер арасындағы келісім мен түсіністіктің маңызды әлеуетін біздің еліміз даналықпен елімізде және халықаралық деңгейде мақсатты түрде ұстанып отыр.

Еліміздің түрлі наным-сенімді ұстанатын дінбасыларын бір үстелдің басында отырып түйткілді мәселелерді шешіп, ортақ құндылықтар мен күллі адамзатқа бірдей мұраттарға адалдық танытуға шақыру мүмкіндігін тудыруы мемлекетіміздің бейбітшілік сүйгіш ел екендігін айқындайды. Бұл форумдар әлемдік экономикалық, саяси және әлеуметтік ахуалдың күрделі жағдайында жүзеге асып, дүниежүзілік қауымдастықта еліміздің мерейін үстем еткендігі айқын.

Қазақ елінің басым көпшілігінің діни сенімі болып табылатын ислам діні мен ханафи мазһабының халқымыздың діни бірлігі мен ынтымағының негізі ретіндегі орнын айқындаған елімізде 2000-нан аса мешіт жұмыс істеп, елдің діни қажетілігін өтеуде. Қазақ елінің рухани түлеуі және жаңаруы тәуелсіздіктің арқасында жүзеге асып отыр. Мемлекет құраушы және ұйыстырушы ұлт ретіндегі қазақ халқының тәуелсіз мемлекет орнатуы қазақ тарихындағы ұлы қастерлі құндылық. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы елдегі түрлі ұлттардың ортақ мүдде және мақсатқа жету жолында бірлесе әрекет етуге бағытталған. Елімізде 46 этностың ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс істейді. Қазақстандағы этностардың ұлттық мәдениеті мен тілдерін дамытуға барлық жағдайлар жасалған. Тәуелсіздік жариялаған күннен бастап қазақ елі толеранттылықтың үлгісі және конфессияаралық, сондай-ақ этнос аралық қатынастарды нығайту саласында өнеге көрсетіп келеді.

Тәуелсіздік қазақ халқының сан ғасырлар бойы армандаған мұраты, азаттық жолында төкен тері мен еңбегі. Тәуелсіздік арқасында қазақ елі халықаралық саясаттың дербес және белсенді мүшесіне айналды.

Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерін алыс және жақын шет елдер мойындап, еліміз әлемдік қауымдастық тарапынан оң бағасын алуда. Жас, тәуелсіз қазақ елінің 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымына, яғни әлемдік саясаттағы беделді ұйымға басшылық етуі ел абыройының биіктігінің дәлелі. Қазақстан ТМД мемлекеттері, Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен шыққан тұңғыш ЕҚЫҰ төрағасы болды.

2011 жылы Қазақстан Ислам конференциясы ұйымының жұмысына абыройлы жетекшілік жасады. Астана қаласында ЕҚЫҰ-ның Саммитін абыройлы өткіздік. Бұл жас тәуелсіз еліміздің демократиялық құндылықтарды баянды етудегі жеткен жетістігі.

Тәуелсіз қазақ елі серпінді және тұрақты дами отырып, өзін аймақтың экономикалық және саяси көшбасшысы ретінде танытты. Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтуға бағытталған күш жігері және ұлттаралық келісім мен дінаралық, өркениеттер сұхбаттастығының Қазақстандық моделі өркениетті елдері мойындатып отыр.

Тәуелсіз еліміздің саясатының негізінде жүргізілген саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар – жаңа тарихи бетбұрысқа жол ашты. Тәуелсіз отанымызда тату-тәтті өмір сүріп жатқан көптеген ұлттардың ынтымақты өзара түсіністікте тұруы және түрлі діни сенімдердің өзара келісімде болуы бұл жас мемлекетіміздің дана саясаты және халқымыздың дархан көңілі. Қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық дамудың қарқынды болуы ел ішіндегі салтанат құрған келісім мен тұрақтылықта жатыр.

Қазақстан халқының бәсекеге қабілетті ұлт болып қалыптасуы мен дамуы бұл білімді де білікті, тәрбиелі жастардың қолында екендігіне сенім білдіріп, тәуелсіз елдің жастары өздерін үнемі жан-жақты жетілдіріп отыруы тиіс екендігін басты назарда. Сондықтан қазіргі заманда жас азамат өз бойында отансүйгіштік, белсенділік, ізденгіштік, иман жүзділік сынды қасиеттерді тәрбиелеуі керек. Қазақстанның әрбір азаматы бала күнінен бастап қазақстандық патриотизм және ұлттық идеядан сусындап, отанға қызмет етуге өзін дайындауы керек.

Қазақстан демократиялық құндылықтарды ұстанатын адам құқықтары мен бостандықтарын ардақтайтын, экономикасы дамыған өркениетті ел. Қазақ елі тәуелсіздік жылдарында дүниежүзінің өркениетті елдерімен саяси және экономикалық әріптестік орнатты. Зайырлы қазақ қоғамының рухани тұрғыдан жаңаруында дәстүрлі діндер маңызды рөл атқарады. Елімізде Ислам, христиандық және иудей діндерінің жалпы адамзаттық және гуманистік құндылықтарының ұлттаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтырудағы атқаратын рөлі ерекше. Дәстүрлі діндердің жасампаз қоғамымызда достық пен өзара құрмет пен түсінушілікті нығайтуға қызмет етеді. Қазақ халқының

мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі. Ұлттық руханият халқымыздың өмір тұрмысынан, мәдениетінен, өнері мен философиясынан, тілі мен ділінен, діни сенімінен қалыптасады. Ұлттық руханияттың киелі қадір-қасиеттері қазақ қоғамынан және қазақ ұлтының өмірінен көрінеді. Ұлттық руханият және діни сана өзара байланысты. Ислам діні мен ұлттық руханият арақатынасы – бұл әдептілік пен әдепсіздік, имандылық пен имансыздық, сабырлылық пен шыдамсыздық, үнемділік пен ысырапқорлық, аманат пен қиянат, қарапайымдылық пен тәкаппарлық сынды ахлақтық ұғымдар дін мен ділдің арақатынасын айқындайды.

Кеңестік кезеңде атеистік кезеңде халқымыз өзінің діни құндылықтарынан ажыраған жоқ. Өйткені қазақ жеріндегі мешіттер және ел ішіндегі білімді молдалар халқымыздың діни сұраныстарын азды-көпті өтеді. Бабаларымыз ұстаған ислам діні ұлттық болмыс-бітімімізге ғасырлар бойы ықпал етті. Тәуелсіздігіміздің арқасында халқымыз ата дінімен сағына қауышты.

Кеңес билігі уақытында дінге қатысты саясат коммунистік идеология және партия қаулылары негізінде қадағаланып, дін билік органдары тарапынан бақыланып отырды. Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының орталығы Ташкент қаласына орналасты. Қазақстан мұсылмандарын қазы басқарды. Діни білім алуды қалаушылар Бұхара және Ташкент қалаларындағы ислам оқу орындарында білім алды. Қазақстандағы ислам тарихын зерттеуші А. Сұлтанғалиева кеңестік кезеңдегі ислам дінінің жағдайы туралы: «Кеңестік кезеңде мемлекеттік идеология ретінде атеизм ислам дінін толық ығыстыра алмады. Бұған ықпал еткен біріншіден, конституцияда бекітілген сөз жүзіндегі сенім бостандығы, екіншіден, этно-ұлттық негізде қалыптасқан одақтық кеңестік мемлекетті қалыптастырудың саясатынан туындаған этникалық фактор маңызының нығаюы болып табылады. Сондықтан да ислам этникалық бірегейліктің бөлшегі ретінде сақталды» – деп көрсетеді.[2]

Кеңестік қоғамда діни ғимараттар бұзылып, діни оқу орындары жабылып және дін қызметшілер қуғын-сүргінге ұшырады, діни басылымдар жабылды. Діни оқу орындарының оқыту үдерісі мен оқу бағдарламасы арнайы тексеруден өткізіліп, діни қауым және дін

қызметшілерінің қызметі қатаң бақылауға алынды. «Кеңестік қоғамда ислам атеистік мемлекетке тәуелді және «жабық аумақ» мәртебесін алды. Бірақ исламның болуының өзі мұсылман халықтары мәдениетінде дәстүрлі рухани күштің барлығын білдірді» [3].

Қазақ мәдениетіндегі мұсылмандық дәстүрді бейнелейтін жәдігерлер халық ауыз әдебиетінің мұралары, ұлт зиялыларының шығармалары, мешітте, белгілі кесенелер халқымыздың діни мәдениеттен ажырамауына себеп болды.

Көрнекті дін қайраткері, аудармашы Сәдуақас Ғылмани 1952-1972 жылдары Қазақстан қазиятының қазыы және Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының мүшесі қызметтерін атқарды. Кеңестік кезеңде 1970 жылдары ол «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы», «Діни педагогика», «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», «Ел аузынан жиған тергендер» сынды еңбектер жазып, әл-Фараби шығармаларын араб тілінен қазақ тіліне аударуға қатысты.

Бұхара қаласындағы «Мир – Араб» медресесін бітірген Жақия қажы Бейсенбайұлы Садуақас Ғылманидан кейін қазият кеңсесін 1972-1979 жылдар аралығында басқарды. 1979-1990 жылдар қазиятты Рәтбек қажы Нысанбайұлы басқарды. 1990 жылы 12 қаңтарда Қазақстан мұсылмандарының бірінші құрылтайында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылды. Құрылтайда Рәтбек қажы Қазақстанның бас мүфтиі болып сайланды. 2000 жылы Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының кезекті құрылтайында Бас мүфти болып профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі сайланды. Ал қазіргі таңда ҚМДБ төрағасы Ержан Майемеров. Қазіргі кезде Діни басқарма «Иман» журналы, «Ислам және өркениет» газеті арқылы діни үгіт-насихат және ағартушылық жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ елімізде ислам діні мен мәдениеті, тарихы туралы «Мұсылман», «Шапағат-Нұр», «Рахмет самалы» сынды басылымдар танымдық материалдар жариялап тұрады, «Көкжиек», «Баракат», «Кәусар-саяхат» және т.б. баспаханалар діни әдебиеттер шығаруда. Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры жұмыс жасайды. 2007 жылы студия болып құрылған «Асыл арна» ислами-ағартушылық телеарнасы 2009 жылдан бастап кабельдік жүйе арқылы эфирге шығып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ар-ождан бостандығы мен діни бостан-

дықтың принциптері, әртүрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құруға теңқұқылығы, мемлекет пен діннің бөлінгендігі туралы принциптер бекітілген. Сондай-ақ, діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер дайындап шығарылды. Қазақстандағы қандай да болмасын діни бірлестіктердің қызмет етуінің нормативті – құқықтық негізі белгілі дәрежеде әзірленгендігіне қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Осы еліміздегі белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа тенденцияларға байланысты анық та, айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың пайда болуына байланысты. Мұндай әсірешіл нышандар діни фундаментализм мен діни экстремизм ретінде көрініс табуы мүмкін.

Қазақстан зайырлы мемлекет. Дін саласындағы мемлекеттік саясат мақсаты қоғамдағы келісім мен түсіністікті сақтауға діндарларды жұмылдыру болып табылады. Елбасы Әлемдік және дәстүрлері діндердің II съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санайды. Сонымен бірге исламның Қазақстанда басымдыққа ие болуы басқа діндерді ұстанушылардың өздерінің әдет-ғұрыптарын толыққанды атқаруына тіпті де кедергі келтірмейтінін қадап айтамын. Мұсылмандықтан өзге конфессиялардың діни мекемелерінің санының өсуі назар аудартады. Тәуелсіздік жылдарында православие дін орындарының саны төрт есе, католик шіркеулерінің саны екі есе өсті. Протестанттар бірлестіктерінің мыңнан аса миссиалары мен мінәжат үйлері жұмыс істейді, елде сондай-ақ 21 иудей қауымдастығы бар, көптеген ғасырлардың ішінде алғаш рет будда храмы тұрғызылды» [4] – деп, Қазақстандағы конфессияаралық үнқатысу мен ұлтаралық және дінаралық келісімнің үлгісін атап көрсетті.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осындай кездесулерінің соңғы бірінде еліміздегі конфессияаралық келісім мен

диалогтың маңыздылығы ерекше аталып өтілді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осы бір кездесуінде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалды. Олар: толеранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың да негізін құрайды.

Айта кету керек, Қазақ жері діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде терең тамырлары бар мен көне дәстүрлерге бай. Қазақстан көне заманнан бері саналық мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Әркімге мәлім, қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық (оның әсіресе нестериондық және яковиттік тармақтары) және ислам сияқты әртүрлі нанымдар бейбіт бірге өмір сүрген, яғни толеранттылық пен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған. Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе, қазір дүние жүзіне діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Оларды XXI ғасырдың анағұрлым өткір мәселелеріне жатқызуға болады. Конфессияаралық келісіммен диалогты жетілдірудің жаңа жолдарын іздеу қажет.

Әлемдік және дәстүрлі діндер адамның діни және рухани негіздерін дамытудың күшті факторы болып табылады. Діннің негізгі мақсаты адамдағы барлық адамгершілік қасиеттерді сақтау және оларды дамыту, адамның рухани жетілуі болып табылады. Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлік діндердің енгізген принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің нығаюы үшін, діннің біріктіруші, рухани тұрғыдан құрушы фактор есебінде рөлінің күшеюі үшін діни мәдениет пен діни сананы

қалыптастыру қажет «Жат жерлік миссионерлер заңымыздың осал тұстарын тиімді пайдаланып кеткені соншалық, өз жеріміз бен елімізде отырып, сырттан келген секталарды шығарып алдық. Сондықтан біз Қазақстанда тарихи тамырлары тереңге жайылған дәстүрлі екі дінді-Ислам мен православиені қалдырып, қалған секталар мен ағымдарға тиым салу керек деп ойлаймыз» [5].

Қазақстандағы сүнниттік ислам және христиандықтың православие бағыты Қазақстандықтардың басым көпшілігінің діни бірегейлігінің негізі болып табылады. Елдегі діни келісім мен ұлтаралық татулық екі діни бағыттың түсіністігі мен сыйластығы арқылы, тұрмыстық және адамгершілік негізінде іске асады.

«Қазақстан халықтарының рухани топтасуы Қазақстан Республикасының шынайы мемлекеттілігін құрудың маңызды шарты болып табылады. Бұл топтасу түрлі формада іске асады. Мұнда ислам мен христиандықтың рухани үнқатысуы өте жемісті, себебі, өйткені дінде рухани байлық шоғырланған». [6].

Қазіргі таңда елімізде дінаралық татулықты қамтамасыз ету өте маңызды. Түрлі діни ұйымдар өз қызыметтерінде заңғы қайшы әрекеттерге барып отыр. Атап айтсақ, кришна санасы қоғамы, жаңа өмір шіркеуі, саентология шіркеуі адам өмірі мен денсаулығына кері әсер ететін әрекеттерге барғанын бұқаралық ақпарат құралдары бетерінде жарияланды. Экстремизмнің дүниетанымдық сипаты кейде көрініс беріп отыр. Бұл діни және діни емес дүниетаным үнқатысуына салқынын тигізеді.

Дінаралық келісім мәдениетін дамыту үшін діни төзімділікті қалыптастыру керек. Жастар бойында діни төзімділік және өзгенің дүниетанымын, мәдениетін түсіністікпен қабылдай білуді орнықтыру қажет. «Еркін ойшылдық, дүниетанымдық төзімділік азаматтық қоғамның атрибуттары болып табылады. Бірақ төзімділік қағидатын абсолюттендіріп догмаға айландыруға болмайды» [7]. Төзімділік бұл көнбістік емес, төзімділік өзгені жатырқамай қабыл алу. Төзімділік қоғамдық өмірдегі маңызды қағидаттардың бірі. Діни салада өзгенің сенімін құрметтеу діндердің діни ілімі мен құндылықтарын қабыл алуды талап етеді. Өзгенің сенімін құрметтеу діндарлардың арасын жақындататын қағидат. Соңғы жылдары әлемде дінаралық қақтығыстар орын алып отыр. Бұл көбіне діни төзімділік

пен білімнің таяздығынан, яғни, надандықтан туындауда. Діни төзімсіздік, өзге діни ілімді және оның құндылықтарын дүниетанымдық тұрғыдан қабыл алмаудан шығады. Кейбір елдерде діндарлар мен діни топтар өздерінің саяси амбициясын діни қағидалармен бүркемелей отырып, діни сенімді билікке жетудің құралы ретінде пайдаланады. Әлемнің кейбір елдерінде діннің саясилануы бұл көп жағдайда дінаралық қақтығыстарға ұрындырып отыр. Сондықтан елімізде діннің саяси өмірге араласуына, не ықпал етуіне жол берілмеу керек. Бұған жол бермеу үшін тең дәрежеде діни сауаттылық, саяси мәдениет пен саяси сананы қалыптастыру, ішкі мәдениет пен білімділік деңгейін көтеру қажет. Ата Заңымызда бекітілген зайырлылық принципі елдің өркениетті дамуының негізі.

Ислам тарихына көз жүгіртсек өзінен бастауынан-ақ діндераралық төзімділікті ұстанған. Құранда: «Дінде зорлық жоқ» (Бақара, 256).

Еліміздің руханият саласындағы басты ұстанымы дінаралық келісім мен төзімділік, діни қатынастардың өзегіне айналды. Қазақстан республикасының Ата заңы мен Қазақстан республикасының діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы заңының қағидаттары 1948 жылы қабылданған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және 1966 жылы қабылданған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт сынды халықаралық құқықтық құжаттар нормаларына сәйкес жасалған. Бұл еліміздің өркениеттік және жалпы адамзаттық құндылықтарға құрметпен қарайтындығын дәлелдейді.

Төзімділік діни қатынастардың өзегіне айналды. 1992 жылы қабылданған Діни бірлестіктер туралы заңымызға толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі уақыт талабы. Аталған заң өркениетті елдердің заңдарына сәйкес келеді. Аталмыш заңға осы уақытқа дейін жеті рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. 1995 жылы салық салу мәселесі бойынша бірінші рет өзгеру енгізілсе, дәл осы жылы бірлестіктерді тіркеу жіне тарату тәртібіне байланысты өзгертулер енгізілген. 1997 жылы заңға үшінші рет өзгеріс енгізілген. 2004 жылы Заң мемлекеттік басқару деңгейі және бюджеттік қатынастар арасында құзреттілігіне шек қою мәселесі бойынша өзгеріске түскен. 2005 жылы аталмыш заңға ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар кіргізілген. Тағы сол 2005 жылы Заңға экстремизмге қарсы іс-қимылға

тыйым салу мақсатында өзгеріс енгізілсе, 2007 жылы аталмыш заң еңбек заңнамасына сәкестендірілген. Бұл өзгерістер мен толықтырулар уақыт талабына сай жасалған. 2008 жылы бір топ депутаттардың бастамасымен бұл заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізу көзделген болатын. Бірақ бұл өзгерістер мен толықтырулардың Ата Заңымызға қайшы келетін тұстары болғандықтан қабылданбады.

Қоғам өмірін демократияландыру және білім беру стандарттарын әлемдік стандарттарға сай жетілдіру, сонымен қатар экономиканы нарықтық жүйеге көшіру жолында еліміз табыстарға жетті. Еліміздің Мәңгілік ел ретінде гүлденуіне және өркениеттік жолмен дамуына негіз болатын ел ішіндегі тұрақтылық, дінаралық келісім және ұлтаралық сыйластық қағидаттары келісімнің жемісі.

Еліміздің дінаралық қатынас мәдениетіне ерекше көңіл аударуы арқасында ел халқының бірлігі мен ынтымағы, ауызбіршілігі мен тұтастығы сақталып мемлекетіміз қарқынды даму жолында. Қазақстан көп дінді мемлекет ретінде, өзін мекендеген ұлттар мен ұлыстардың діні мен мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне басты назар аударып, дінаралық қатынас саласын елдің тұрақты дамуының алғы шартының бірі ретінде қарайды. 2003, 2006, 2009, 2012 жылдардағы өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі екені даусыз. Бұл съездер жүйелі түрде өткізіліп әлемдік деңгейдегі дінаралық үн қатысуға және түрлі наным-сенімдегі халықтардың өзара түсіністік мәдениетіне жол ашты.

Еліміздің осындай игі бастамалары жер бетіндегі бейбітшіліктің баянды болу үшін дінаралық сұхбаттастықтың және халықтар арасындағы достықтың маңызды екендігіне үміт артқызады. Адамзат баласы жаһандану заманында және мәдени бірегейлену үдерісі кезінде рухани ұстанымдарына мән бере бастады. Әлем халықтары арасындағы діни, мәдени және ділдік ұқсастықтар мен ерекшеліктер халықтарды бөлуге емес, бірлікке алып келуі керек екендігіне назар аударған қазақ елі еуразияның кіндік ортасында орналасқан еліміздің әлемдік қауымдастықтағы мерейін үстем етті. Қазақ елі әлемдік қауымдастықта өзара түсіністікпен келісімге алып келетін рухани-мәдени сұхбаттастыққа жол ашатын ізгі ниеті әлемнің бейбітшілікті аңсаған халықтарының арман-аңсарын ғаламдық деңгейде түйсініп және көре білуінде деп түсінеміз.

Дүниежүзі елдері арасындағы діни және мәдени қатынастардың орнығуына негіз болатын жалпы адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды орнықтыру үшін діндер арасындағы келісім мен түсіністіктің маңызды әлеуетін біздің көшбасшымыз даналықпен елімізде және халықаралық деңгейде мақсатты түрде ұстанып отыр. Дінаралық сұхбаттастық мәдениетін дамытуға байланысты өткізілген халықаралық деңгейдегі конференцияларда, симпозиумдарда белгілі саясаткерлер мен дінбасылары қазақ елінің ұсыныстары мен бастамалары әрқашан да өзекті мәселелерді қамтитындығын атап көрсетуде.

Еліміздің түрлі наным-сенімді ұстанатын дінбасыларын бір үстелдің басында отырып түйткілді мәселелерді шешіп, ортақ құндылықтар мен күллі адамзатқа бірдей мұраттарға адалдық танытуға шақыру мүмкіндігін тудыруы мемлекетіміздің бейбітшілік сүйгіш ел екендігін айқындайды. Бұл форумдар әлемдік экономикалық, саяси және әлеуметтік ахуалдың күрделі жағдайында жүзеге асып, дүниежүзілік қауымдастықта еліміздің мерейін үстем еткендігі айқын.

Қазақ елінің басым көпшілігінің діни сенімі болып табылатын ислам діні мен ханафи мазһабының халқымыздың діни бірлігі мен ынтымағының негізі ретіндегі орнын айқындаған елімізде 2300-ден аса мешіт жұмыс істеп, елдің діни қажетілігін өтеуде. «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті жоғары білімді дін мамандарын дайындауда. Қазір бұл оқу орнында болашақ имамдар білім алуда.

Қазақ елінің рухани түлеуі және жаңаруы тәуелсіздіктің арқасында жүзеге асып отыр. Мемлекет құраушы және ұйыстырушы ұлт ретіндегі қазақ халқының тәуелсіз мемлекет орнату жолында жасап отырған қарқынды да, қарышты қадамын елімізді мекендеген ұлыстар түсіністікпен қабылдап жұмыла қолдау көрсетуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы елдегі түрлі ұлттардың ортақ мүдде және мақсатқа жету жолында бірлесе әрекет етуге бағытталған. Елімізде 46 этностың ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс істейді. Қазақстандағы этностардың ұлттық мәдениеті мен тілдерін дамытуға барлық жағдайлар жағдайлар жасалған. Тәуелсіздік жариялаған күннен бастап қазақ елі толеранттылықтың үлгісі және конфессияаралық, сондай-ақ этнос аралық қатынастарды нығайту саласында өнеге көрсетіп келеді.

Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтуға бағытталған күш жігері және ұлтаралық келісім мен дінаралық, өркениеттер сұхбаттастығының Қазақстандық моделі өркениетті елдері мойындатып отыр.

Тәуелсіз отанымызда тату-тәтті өмір сүріп жатқан көптеген ұлттардың ынтымақты өзара түсіністікте тұруы және түрлі діни сенімдердің өзара келісімде болуы бұл жас мемлекетіміздің көшбасшысы Ұлт көшбасшысының дана саясаты және халқымыздың дархан көңілі. Қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуының қарқынды болуы ел ішіндегі салтанат құрған келісім мен тұрақтылықта жатыр.

Қазақстан халқының бәсекеге қабілетті ұлт болып қалыптасуы мен дамуы бұл білімді де білікті жастардың, тәрбиелі жастардың қолында екендігіне сенім білдіріп, тәуелсіз елдің жастары өздерін үнемі жан-жақты жетілдіріп отыруы тиіс екендігін басты назарда ұстап отыру керек. Сондықтан қазіргі заманда жас азамат өз бойында отансүйгіштік, белсенділік, ізденгіштік, иман жүзділік сынды қасиеттерді тәрбиелеуі керек. Қазақстанның әрбір азаматы бала күнінен бастап қазақстандық патриотизм және ұлттық идеядан сусындап, отанға қызмет етуге өзін дайындауы керек. Қазақстан демократиялық құндылықтарды ұстанатын адам құқықтары мен бостандықтарын ардақтайтын, экономикасы дамыған өркениетті ел. Қазақ елі тәуелсіздік жылдарында дүниежүзінің өркениетті елдерімен саяси және экономикалық әріптестік орнатты. Дінаралық келісім мен ұлтаралық татулық еліміздің тұрақты және бейбіт дамуының негізінің бірі. Діндер арасында өзара түсіністік пен сұхбаттастық діни төзімділік мұраттары мен адамзатқа ортақ құндылықтардың, адамзаттың рухани әлеуеті бір қайнары бұл діни ілім мен діни мәдениет. Діндердің тәрбиелік-тағылымдық, біріктірушілік-реттеуші мұраттарын еліміздің рухани тұрғыдан өркендеуі үшін тиімді пайдалану қажет. дін мамандарын тәрбиелеу мен кәсіби дайындау жолында адамзаттың және ұлттық мұраттар мен құндылықтарымызды бүгінгі заман талабына сай білім беру әдістерін енгізе отырып іске асырған жөн.

Дінаралық сұхбат пен діни төзімділік әлемдік және дәстүрлі діни ілімдердің ортақ ұстанымдары мен біріктіруші қағидаларын үнемі назарда ұстау арқылы жүзеге аспақ. Сондықтан діни ілімдердің моральдық (ахлақ) ұстанымдарын дінаралық және ұлтаралық

қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы тиімділігін ғылыми тұрғыдан кешенді түрде зерттеген жөн. діни қоғамдық сананың өміршең формасы ретінде адамзат қоғамының мәдениеті мен әлеуметтік өмірін қалыптастырушы және реттеуші фактор болғандығы және болып отырғандығы дау тудырмайды.

Діни ілім мен діни мәдениет адамзат баласының пайда болу тарихынан бастау алатындығы және әрбір пенденің өмірінің бастауы мен соңы да белгілі бір діни ілім мен мәдениет аясында өтетіндігі шындық. әлем халықтарының тарихи әдет-ғұрпы, өмір салты, материалдық және рухани мәдениеті нақты бір діни ілім шеңберінде қалыптасты.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ар-ождан бостандығы мен діни бостандықтың принциптері, әр түрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құруға теңқұқылығы, мемлекетпен діннің бөлінгендігі туралы принциптер бекітілген. Сондай-ақ, діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер дайындап шығарылды. Қазақстандағы қандай да болмасын діни бірлестіктердің қызмет етуінің нормативті – құқықтық негізі белгілі дәрежеде әзірленгендігіне қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары 2011 қазан айында жаңа заң қабылдағанға дейін анықталмады. Осы еліміздегі белгісіздік еліміздегі 1992-2011 жылдар аралығындағы діни жағдайда орын алған тенденцияларға байланысты анық та, айқын аңғарылды. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың пайда болуына байланысты.

Қазақстан зайырлы мемлекет. Дін саласындағы мемлекеттік саясат қоғамдағы келісіммен түсіністікті сақтауға діндарларды жұмылдыруға бағытталады. Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім Қазақстан үшін ізгі құндылық. Елбасы Әлемдік және дәстүрлері діндердің II съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санайды. Сонымен бірге исламның Қазақстанда басымдыққа ие болуы басқа діндерді ұстанушылардың өздерінің әдет-ғұрыптарын толыққанды атқаруына тіпті

де кедергі келтірмейтінін қадап айтамын»[8] – деп, Қазақстандағы ұлтаралық және дінаралық келісімнің үлгісін атап көрсетті.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осындай кездесулерінің соңғы бірінде еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше аталып өтілді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осы бір кездесуінде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалды. Олар: толеранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың да негізін құрайды. Діндерден қайшылықтарды емес, керісінше ортақ белгілер мен принциптерді, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз.

Айта кету керек, Қазақ жері діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде терең тамырлары бар мен көне дәстүрлерге бай. Қазақстан көне заманнан бері саналуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Әркімге мәлім, қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық (оның әсіресе несториандық және яковиттік тармақтары) және ислам сияқты әртүрлі нанымдар бейбіт бірге өмір сүрген, яғни толеранттылық пен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Президентінің айтқанындай: «Қиындық атаулыны жететін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтау қалу үшін де ол сондай қажет. Ел басына күн туған нелер бір қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған осы ынтымағы мен бірлігі емес пе еді? «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы кеңес дәуіріндегі басқа түскен үлкен нәубет жылдарында да өзінің елдігін ынтымақ пен бірліктің арқасында сақтай білді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзге республикаларда қантөгістер мен қақтығыстар болып жатқанда, татулық пен бірліктің арқасында жас мемлекетімізді жасақтап, өтпелі кезеңнен шығынсыз өттік емес пе?! Бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде мен туған халқымның ынтымақ пен ауызбіршілік танытарына сенемін. Сіздер өздеріңіз бас болып өзге отандас ағайындарға ұйтқы болыңыздар» [9].

Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім

салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе, қазір дүние жүзіне діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Оларды ХХІ ғасырдың анағұрлым өткір мәселелеріне жатқызуға болады. Діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы күрес пен алдын алуды жетілдірудің жаңа жолдарын іздеу қажет.

Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлік діндердің енгізген принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің нығаюы үшін, діннің біріктіруші, рухани тұрғыдан құрушы фактор есебінде рөлінің күшеюі үшін діни мәдениет пен діни сананы қалыптастыру қажет. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінің декларациясында: «Планетадағы барлық діндердің және ізгі ниет адамдарына қайырыламыз және: оларды өзара жауласудан, ұрыс-керістен, жеккөрушіліктен бас тартуға және өзара құрмет, шынайылық және мәдени, діни және өркениеттік саналуандылықты тану ахуалында өмір сүруге шақырамыз. Діндерді не бөлетініне емес, оларды не біріктіретініне айрықша назар аудара отырып, соқыр нанымды, басқа діни дәстүрлерді елемеушілік пен бұрмалап түсіндірушілікті еңсеру үшін бірлескен күш-жігер қолдануға деген өз табандылығымызды жариялаймыз» – делінген [10]. Еліміздегі дәстүрлі діндер арасында жақсы байланыс орнаған. Қазақстанда дінаралық келісім мен ұлтаралық тұрақтылықтың сақталуына дәстүрлі діндер құндылықтарының жалпыадамзаттық әлеуетіне көңіл аударылуы тиіс. Қазақстандағы 17 конфессияға тиесілі 3088 діни бірлестік және 100 аса этнос өкілдерінің барлығы жұмыла бір мақсатқа яғни, тәуелсіз қазақ елінің гүлденіп, Мәңгілік ел ретінде өркендеуіне қызмет етуі тиіс. Еліміздегі тіркелген дәстүрлі діни бірлестіктердің басшылары қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті

сақтауға өз беделдерін барынша пайдалана отырып және сол діни бірлестік мүшелеріне осы ортақ мұратқа адал болуға шақыру керек. Діни бірлестіктердің жүргізетін насихат жұмысы мен

уағыздары дінаралық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне негізделіп, діни төзімділік ұстанымдарына беріктік таныту керек.

Әдебиеттер

- 1 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі. – Алматы: Өнер, 2006. – 4 б.
- 2 Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы: Каз. Инс. Страт. Иссл. при Президенте РК, 1998. – 188 с.
- 3 Джалилов З. Г. Ислам и общество в современном Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с.
- 4 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі. – Алматы: Өнер, 2006. – 384 б.
- 5 Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы, 2003 – 145 б.
- 6 Косиченко А.Г., Нысанбаев А.Н., Кенисарин Д.А. и Мельник Е.В. Ислам и христианство: возможности духовной консолидации народов Казахстана. – Алматы, 2001. – 195 с.
- 7 Курганская В.Д., Дунаев В.Ю. Национальная и религиозная идентичность // Қазақстан этностарына діни ұйымдарының әсері: халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы, 2008. – 63 б.
- 8 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі. – Алматы: Өнер, 2006. – 384 б.
- 9 Назарбаев Н.Ә. Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 2009. – 56 б.
- 10 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінің декларациясы // Егемен Қазақстан. – 2006, 15 қыркүйек.

References

- 1 Alemdik jane dasturly dinder liderlerinin 2 siezi. – Almaty: Oner, 2006. – 4 b.
- 2 Sultangalieva A.K. Islam v Kazakhstane: istoria, etnichnost I obshestvo. – Almaty: Kaz. Ins. Strat. Issl. pri Prezidente RK, 1998. – 188 s.
- 3 Djalilov Z.G. Islam i obshestvo v sovremennom Kazakhstane. – Almaty: Daik-Press, 2006. – 204 s.
- 4 Alemdik jane dasturly dinder liderlerinin 2 siezi. – Almaty: Oner, 2006. – 384b.
- 5 Derbisaly A. Islam jane zaman. – Almaty, 2003. – 145 b.
- 6 Kosichenko A.G., Nisanbaev A.N., Kenisarin D.A.i Melnik E.V. Islam i hristianstvo: vozmojnosti duhovnoi konsolidatsii narodov Kazakhstana. – 2001. – Almaty, 195 s.
- 7 Kurganskaia V.D., Dunaev V.U. Natsionalnaia I religioznaia identichnost // Kazakhstan etnostarina dini uiumdarinin aseri: halikaralik gilimi – praktikalik konferentsiasinin materialdar jinagi. – A., 2008. – 63 b.
- 8 Alemdik jane dasturly dinder liderlerinin 2 siezi. – Almaty: Oner, 2006. – 384 b.
- 9 Nazarbaev N.A. Dagdaris arkili janaru men damuga. Kazakhstan Respublikasinin Presidenti N.A. Nazarbaevtin Kazakhstan halkina joldau. – Almaty: Kazakhstan entsiklopediasi, 2009. – 56 b.
- 10 Alemdik jane dasturli dinder liderlerinin 2 siezinin deklaratsiasi // Egemen Kazakhstan. – 2006, 15 kirkuek 15b.